



Автор: Қалназарова Мәншүк

Пән: Қазақ тілі мен әдебиеті

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Биоалуантүрлілік. Жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер

Тақырып: Қызыл кітапқа енген өсімдіктер әлемі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.1.2.4.1 тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін(әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау; 8.4.4.2 тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын, қызметін түсініп қолдану.
Сабақтың мақсаты:	
Тілдік мақсаттар:	Оқушыларорындайалады:Мәтін мазмұнын түсінеді, ақпаратты анықтайды, сұрақтар құрастырады. Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: қорғау, қалпына келтіру, жойылып кету қаупі, өсімдіктер әлемі Диалог құруға / шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:қоршаған орта, өсімдіктер әлемі, зардап тигізу, сақтап қалу Талқылауға арналған сұрақтар: Қызыл кітаптың басқа кітаптардан ерекшелігі неде? Қызыл кітаптың түсі неліктен қызыл?
Күтілетін нәтиже:	Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын ажырата алады; тұрлаулы мүшелерді біледі. Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын ажырата алады;; түрлерін(әңгімелеу, сипаттау, талқылау)біледі; тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын біледі; Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын ажырата алады;; түрлерін(әңгімелеу, сипаттау, талқылау)біледі; құрылымын салыстыра талдай алады; тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын, қызметін түсініп қолдана алады.
Бағалау критерийлері:	тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін(әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдайды, тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзінді орнын, қызметін түсініп қолданады
Құндылықтарды дарыту:	
АКТ-ны қолдану дағдылары:	
Пәнаралық байланыс:	Өзін-өзі тану, География
Бастапқы білім:	«Қызыл кітапқа» енген жануарлар

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5мин)	Оқушылармен амандасу, түгелдеу.Ынтымақтастық атмосферасын құру.Бағалау парақшасымен таныстыру Топтарға біріктіру. .Үй тапсырмасы. « Өрмекшінің өрмегі» әдісімен тексеру	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (20мин)	2.Қызығушылығын ояту.. «.«Ойлан, жұптас, талқыла» әдісі 5e296535124b6.png Image not found or type unknown 5e2965493eb57.png Image not found or type unknown Ой – қозғау стратегиясы: - Балалар сендер « Қызыл кітапқа» енген өсімдіктер жайлы білесіңдер ма? - Өздерің білетін « Қызыл кітапқа» енген өсімдіктер түрлерін атапөтсеңдер. Келесі кезекте оқушылардың жауаптарын толықтырыпҚазақстан « Республикасында « Қызыл кітапқа» енген өсімдіктер жайлымағұлмат, беру, суреттерімен таныстыру. 1-тапсырма.Топтық жұмыс тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін(әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдалдаңыздар. «Джигсо» әдісі арқылы басқа топтарға түсіндіреді. 1-мәтін. «Қызыл кітап» деген сөз тіркесі ғылымға 1966жылы енді.Мұндағы «қызыл» деген сөз «қауіп төніп тұр» дегенді адамдаз баласына ескертеді. «Қызыл кітаптарда» жер бетінде жойылып кету қаупі төнген және сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлардың түрлері тіркеліп, ондай түрлерді сақтап қалудың және қорғаудың қажеттігі ерекше атап көрсетіледі.Әрбір «Қызыл кітап» шығарылу дәрежесіне сәйкес ең қажетті мемлекеттік құжат болып табылады. Аталмыш кітапты шығару туралы пікірді алғаш ұсынған ағылшын ғалымы Питер Скотт болатын.Халықаралық «Қызыл кітап» халықаралық деңгейдегі құжат болып саналады. 2-мәтін. «Қазақстанның Қызыл кітабы» -Қазақстан Республикасы аумағында жойылып кету қаупі төнген және сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктердің сипаттамасы берілген арнайы басылым.Ол 1978 жылдан бастап шығарыла бастады. Сол жылы омыртқалы жануарларға арналған бірінші бөлімі жеке кітап болып жарық көрді. Бұл бөлім «Омыртқалылар» деп аталады. Онда омыртқалы жануарлардың 125 түрі мен түр тармағы туралы деректер берілген. Дескриптор Стиль түрін анықтайды; Тақырыптың түрлерін,құрылымын талдайды, салыстырады; ҚБ «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» арқылы өзара бағалау жүргізіледі. Мұғалім тарапынан кері байланыс жүргізеді. 2-тапсырма . «Тілдік бағдар» әдісі арқылы тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзінді орнын, қызметін түсініп талдаңдар. Семантикалық карта Тілдік бағдарСұрақтарЖауаптар,мысалдарТұрлаулы мүшелерНеше түрге бөлінеді? БастауышБасты ерекшелігі неде? БаяндауышҚандай сұрақтары бар? Тұрлаусыз мүшелер Неше түрге бөлінеді? АнықтауышҚандай сұрақтары бар? ТолықтауышІлік септігінен басқа септік сұрақтарына жауап беретін тұрлаусыз мүшенің түрі қандай? ПысықтауышҚандай түрі бар?	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (10мин)	БББ кестесі БілемінБілдімБілгім келеді Дәптермен жұмыс: Өсімдіктерді қорғау ережелерін жазу. «Синквейн» әдісі 1. Не? өсімдік 2. Қандай? әдемі, биік, аласа, бұйра. 3. Не істеді? өседі, піседі, құрайды 4. Төрт сөзден тұратын сөйлем құра. Өсімдік денсаулыққа өте пайдалы.	
Рефлексия (5мин)	Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?	